Павлодар облысының білім беру басқармасы,
Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің
«Майқайың кенті сәбилер бақшасы» КМҚК уақытша бос лауазымға қабылдау конкурстық комиссиясы отырысының
№1 ХАТТАМАСЫ

10.08.2022

Қатысқандар:

1. Корабаева Т.А – балабақша басшысы, комиссия төрағасы
2. Ермеков Н.Р – білім бөлімінің маманы, комиссия мүшесі
3. Игубаева Ж.С – әдіскер, комиссия мүшесі
4. Хабдраш Г.Х – әдіскер, комиссия мүшесі
5. Жакеева Г.З – тәрбиеші, комиссия мүшесі

Күн тәртібінде:

1. 2022 жылдың 1-9 тамыз аралығында өткізілген мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі уақытша бос 3 лауазымдық орнына қабылдау бойынша конкурсқа қатысуға түскен өтініштерді қарау;

Тыңдалды:
Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша

Сөйледі:
Комиссия мүшесі, әдіскер Игубаева Ж.С «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы ҚР Блімі және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылдың 19 қарашасындағы №568 және ҚР еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 22 қарашасындағы № 432 бірлескенн\ бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі лауазымының уақытша бос лауазымдық орнына жарияланған конкурсқа тәрбиешіге – 4 өтініш түскендігін хабарлады. Олар:

1. Оналбек Салтанат –Ж.Мусин ат.Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжін қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығын 2018 жылы тәмамдады;
2. Харху Алия – Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің колледжін тәрбиеші мамандығы бойынша 2021 жылы тәмамдады;

3. Әкімбек Айзагүл Қайратқызы – Б.Ахметов ат.Павлодар педагогикалық колледжін тәрбиеші мамандығы бойынша 2018 жылы тәмамдады;
4. Тулепбергенова Айдана Рымтаевна – Ж.Канапиянов ат.Павлодар педагогикалық университетінің колледжін тәрбиеші мамандығы бойынша 2022 жылы тәмамдады;

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген педагог хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде келесі құжаттарды қағаз түрінде 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып жолдаған құжаттарына сәйкес, мемлекеттік білім беру ұйымдары педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымымынан босату қағидаларының 11-қосымшасына сәйкес бағалау парағымен комиссия мүшелері бағалады. Конкурс қорытындысы бойынша шешімді конкурстық комиссия жинаған ортақ балл тәрбиеші Харху Алия – 5 балл, Оналбек Салтанат 6,5, Әкімбек Айзагүл – 7,5, Тулепбергенова Айдана – 5,5 балл. Ұпай сандарын қорытылдылай келе 2021 жылдың 19 қарашадағы №568 бұйрықтың 3-тарау 1-параграф 115-пунктіне сәйкес ең көп ұпай жинаған кандидаттар конкурстан өтті деп есептелінеді. Конкурстық комиссия шешімі:

1. ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылдың 19 қарашасындағы №568 және ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министірінің 2021 жылғы 22 қарашасындағы №432 бірлескен бұйрығының 123-тармақшасына сәйкес Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттарамаларымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес келетін және комисияның он қорытындысын алған кандидаттар тәрбиеші Харху А, Әкімбек А, Тулепбергенова А кадр резервіне алынсын. Жұмысқа қабылдау туралы бұйрық 2022 жылдың 16 тамызынан шығарылып еңбек шартын жасасын (Декреттік демалыстағы тәрбиеші А.Конышеваның орнына уақытша Ә.Айзагүл, М.Кокенованың орнына А.Тулепбергенова, Х.Сымбаттың орнына С.Оналбек).

Комиссия төрағасы Т.А.Корабаева
Комиссия мүшелері Н.Р.Ермеков
Ж.С.Игубаева
Г.Х.Хабдраш
Г.З. Жакеева
Комиссия хатшысы Е.С.Акимжанова